

**NEWS**

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 6, Number 316 (2017), 192 – 195

UDC 330.4

**Zh.Mekabayeva, G. Zhunisbekova**

University Narxoz, Almaty, Kazakhstan  
mzhan\_80@mail.ru

## **ANALYSIS OF THE IMPLEMENTATION OF THE VOLUME OF CONSTRUCTION WORK**

**Abstract.** Factors influencing the development of the construction industry of the Republic of Kazakhstan for 1995-2015 were selected, and correlation-regression analysis was carried out. As a result of the analysis, a multifactorial model of economic analysis was used, as well as a forecast for the following years.

**Key words:** The volume of construction, investment, correlation and regression analysis, ratios, forecast.

ӨОЖ 330.4

**Ж.А.Мекебаева, Г.Е. Жунисбекова**

Нархоз Университеті, Алматы, Қазакстан

## **ҚР ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫНЫң ОՐЫНДАЛУ ҚӨЛЕМИНЕ ТАЛДАУ**

**Аннотация.** Қазақстан Республикасының 1995-2015 жылдар аралығындағы құрылым саласының дамуына әсер ететін факторлар таңдалынып, корреляциялық-регрессиялық талдау жүргізілді. Талдау нәтижесінде көп факторлы модельге экономикалық талдау, сонымен қатар келесі жылдарға болжам жасалынды.

**Тірек сөздер:** құрылым саласы, инвестиция, корреляция-регрессиялық талдау, адекваттылық, болжам.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты халықта жолдауында «Урбанизация үдерісі құрылым секторын дамыту қажеттігін алға тартып отыр. Ол Отандық экономиканың толықтанды драйверіне айналуға тиіс. Құрылымсқа да, құрылым материалдарын өндіру саласына да жана технологияларды енгізу керек. Ол үшін бізде қазір жақсы мүмкіндіктер бар» деп атап етті [1].

Кез келген елдін даму қарқынын сол елде болып жатқан құрылым жұмыстарының дамуынан көруге болады. Ел экономикасы үшін құрылым саласының орны ерекше. Қазіргі таңда елімізде құрылым жұмыстарының қарқынды дамып келе жатқыны көреміз. Құрылым саласында базалық факторларын оңтайландыру мен талдау, кешенді бағалаудың ғылыми негізделген әдістемесі отандық инвестициялық нарықты ескере отырып, компанияның табысы мен тұрактылығын жоғарылату мақсатында қолданыла алады. Еліміздің құрылым саласының дамуына мемлекет тараپынан барлық жағдайлар карастырылып жасалынған.

Chau, KW [Chau, KW, 2009] құрылым компанияларының табыстылығына әсер ететін факторларды анықтау мақсатында жазған. Табыстылық қашығындар мен салықтарды санамағанда, құрылым іскерлік айналым пайзы (атқарылған құрылым жұмыстарының құны) ретінде таза операциялық кірісті жатқызады. Пайда-компанияның бәсекеге қабілеттілігінің маңызды көрсеткіші, сондай-ақ компанияның басқару сапасы шешуші фактор болып табылады [2].

Қазақстан Республикасының 1995-2015 жылдар аралығындағы орындалған құрылым жұмыстарының қөлемі, (млрд.тенге)(Y) негізгі факторға әсер ететін факторлар: құрылым ұйымдарының саны, (бірлік) (x1), құрылым салынған инвестициялар, (млрд.тенге) (x2), құрылым саласында жұмыс істейтін адамдар, (мың адам) (x3), құрылым саласындағы жұмысшылардың орташа айлық жалақысы, (мың тенге) (x4), екінші деңгейлі банктердің құрылым саласы бойынша ұзақ мерзімді кредиттері, (млрд.тенге) (x5). Таңдал алынған факторларға корреляция-регрессиялық талдау жүргізіліп, болжам жасалынды.

Кесте 1 – КР 1995-2015 жж. құрылымы жұмыстарының орындалу көлеміне әсер етуші факторлардың көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Жылдар					1995-2015 жж.
	1995	2000	2005	2010	2015	Ауытқу (+/-)
Орындалған құрылымы жұмыстарының көлемі, (млрд.тенге)	60,8	150,6	1066,3	1918,1	2861,3	2800,5
Құрылымдарыныңсаны, (бірлік)	1120	2967	5624	7675	7594	6474
Құрылымдағы салынған инвестициялар, (млрд.тенге)	108,6	414,2	1828,1	4773,2	9810,2	9701,6
Құрылымы саласында жұмыс істейтін адамдар, (мың адам)	67,3	102,7	415,5	594,8	689,5	622,2
Құрылымы саласындағы жұмысшылардың орташа айлық жалақысы, (мың тенге)	7981,3	20953	47921	104434	154794	146812,7
Екінші деңгейлі банктердің құрылымы саласы бойынша ұзақ мерзімді кредиттері, (млрд.тенге)	793	7630	204120	1216761	851551	850758
Ескерту: [3] әдебиет көзі негізінде авторлар қурастырган						

Кесте бірден көріп отырғанымыздай құрылымы жұмыстарының көлемі жылдан жылға қарқынды дамып келеді. Сонымен катар құрылымы үйимдарының саны да 1995 жылмен салыстырғанда қазіргі таңда 7 есеге өсkenін байқаймыз. Негұрлым құрылым үйимдарының саны артқан сайын, халықтың жұмыспен қамтылуы да артуда. Құрылымы саласында 1995 жылы 67 мың адам жұмыс жасаса, 2015 жылы 689 мың адамға жеткен. Жұмысшылардың орташа айлық жалақылары 2000 жылы 20953 теңгені құраса, 2015 жылы орташа жалақы 154794 теңгеге жеткен.



Кесте 2 – КР 1995-2015 жылдар аралығындағы құрылымы жұмыстарының орындалу көлемінің динамикасы


Кесте екіден көретініміз 1995-2000 жылдар аралығында құрылымы жұмыстары елімізде бірқалыпты дамыған. Ал, 2004 жылдан бастап 2015 жылға дейін қарқынды даму үстінде. Елбасының қолдауымен бүгінгі күні құрылымы жұмыстарының көлемі ұлғайып, құрылымы саласы даму үстінде.

Корреляциялық матрица құру арқылы факторлардың арасындағы байланыс тығыздығын анықтаймыз.

	Y	x1	x2	x3	x4	x5
Y	1					
x1	0,938	1,000				
x2	0,960	0,851	1,000			
x3	0,968	0,976	0,902	1,000		
x4	0,985	0,909	0,982	0,949	1,000	
x5	0,900	0,906	0,816	0,891	0,861	1

Корреляциялық кестеден көретініміз орындалған құрылымы жұмыстарының көлемі, (млрд.тенге)(Y) пен құрылымы үйимдарының саны, (бірлік) (x1) факторларының арасында өте тығыз байланыс бар. Себебі, корреляция коэффициенті ( $r=0,93$ ) тен. Орындалған құрылымы жұмыстарының көлемі, (млрд.тенге)(Y) пен құрылымдағы салынған инвестициялар, (млрд.тенге) (x2) факторларының арасында өте тығыз байланыс бар, яғни корреляция коэффициенті ( $r=0,93$ ). Орындалған құрылымы жұмыстарының көлемі, (млрд.тенге)(Y)

пенкүрылыс саласында жұмыс істейтін адамдар, (мың адам) (x3) факторларының арасында өте тығыз байланыс бар, яғни корреляция коэффициенті ( $r = 0,96$ ). Орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі, (млрд. тенге) (Y) пен құрылыс саласындағы жұмысшылардың орташа айлық жалақысы, (мың тенге) (x4), факторы арасында тығыз байланыс бар, себебі корреляция коэффициенті ( $r = 0,98$ ). Орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі, (млрд.тенге) (Y) пен екінші деңгейлі банктердің құрылыс саласы бойынша ұзак мерзімді кредиттері, (млрд.тенге) (x5) факторларының арасында өте тығыз байланыс бар, яғни корреляция коэффициенті ( $r = 0,98$ ) тең.




Кесте 3 – Казахстан Республикасының 1995-2015 жылдар аралығындағы құрылыс саласының даму динамикасы

Ушінші кестеден көретініміз 2005 жылдан бастап құрылысқа салынған инвестициялар, орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі есуде. Ал құрылыс ұйымдарының саны 2014 жылға қарапанда 2015 жылы өскенин көреміз.

Регрессиялық кесте құру арқылы факторларға талдау жүргізіп, болжам жасаймыз. Орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі, (млрд.тенге)(Y) пен құрылыс ұйымдарының саны, (бірлік) (x1)және құрылысқа салынған инвестиациялар, (млрд.тенге) (x2) факторларының арасында өте тығыз байланыс бар, яғни корреляция коэффициенті ( $r=0,98$ ). Детерминация коэффициенті  $R=0,97$ . Модельді адекваттылыққа тексереміз. Фишер критерий  $F_{накты}=339,22>F_{кесте}=4,35$  регрессия тендеуінің маңызды екенін дәлелдейді. Стьюдент критерийі  $t_{x1}=6,09>t_{кесте}=2,08$  және  $t_{x2}=8,13>t_{кесте}=2,08$  тексергенде коэффициенттердің барлығы маңызды. Сонымен регрессиялық талдаудың барлық шарттары орындалды, модель адекватты.

Регрессиялық модельді болжам жасауға пайдалануға болады. Көптік регрессия тендеуін  $Y=-383,06+0,18x_1+0,20x_2$  болжамға пайдаланамыз. Ол үшін регрессия тендеуінің және қалдығы бойынша график саламыз және болжамның дәлдігін тексереміз[4].



Кесте 4 – КР 1995-2015 жылдар аралығындағы құрылыс жұмыстарының көлемінің болжам дәлдігі

Төртінші кестеде 2013-2014 жылдары болжам дәлдігінде ауытқу болғанын байқаймыз. 2015 жылы болжам дәлдігі дәл және нақты. Болжам мәні бойынша 2017 жылы құрылым жұмыстарының көлемі 3078,3 млн.тәнгеге артады деп күтілуде.

Қазіргі таңда ел экономикасы үшін құрылым саласының дамуы өзекті мәселелердің бірі. Елімізде құрылым саласы бүтінгі таңда қарқынды дамуда.

### ӘДЕБІЕТ

[1] Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына жолдауы, 2017 жылғы 31 қаңтар.

[1] 2.Chau, KW. Factors affecting the profitability of construction companies in

[2] Hong Kong, 2009. p - 161.

[3] Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика Министрлігі Статистика комитетінің мәліметтері. <http://www.stat.gov.kz>.

[4] Рахметова Р.Ә. Эконометрика. –Алматы: Экономика, 2016. -206 б.

УДК 330.4

**Ж.А.Мекебаева, Г.Е. Жунисбекова**

Университет НАРХОЗ, Алматы, Казахстан

### АНАЛИЗ ВЫПОЛНЕНИЯ ОБЪЕМА СТРОИТЕЛЬНЫХ РАБОТ РК

**Аннотация.** Были отобраны факторы, влияющие на развитие строительной отрасли Республики Казахстан на 1995-2015 годы, и проведен корреляционно-регрессионный анализ. В результате анализа была использована многофакторная модель экономического анализа, а также прогноз на следующие годы.

**Ключевые слова:** Объем строительства, инвестиции, корреляционно-регрессионный анализ, адекватность, прогноз.